

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті кворумға және Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, айтарлықтай маңызды мәселелер бойынша шешімдерді Директорлар кеңесі іштей отырыстарда қабылдайды, шешімдерді қабылдауға Директорлар кеңесінің барлық мүшелері (Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдауға мүдделі болған жағдайларды қоспағанда) қатысады

және бұл шешімдер Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің пікірін ескеріліп қабылдануы үшін бар күш-жігер жұмсалады. Директорлар кеңесінің функциялары толығырақ [ҚМГ-ның 2023 жылғы есебінің 220-бетінде мазмұндалған](#).

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі ҚМГ Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді де қарайды.

ҰСЫНУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысында және ҚМГ ішкі құжаттарында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңесінің/байқау кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі ережелерінде белгіленеді. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасымен бірге жүзеге асырады және ашықтық, әділдік пен кәсіби шеберлік қағидаттарына негізделеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлер — жеке тұлғалар, акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар, сондай-ақ компанияның акционерлері емес және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға

ұсынылмаған өзге де жеке тұлғалар қатарынан сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің лауазымдық функцияларды орындау және компанияның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы керек және іскерлік беделі мінсіз болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар ҚМГ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңесінің/байқау кеңестерінің құрамдарын жасақтау ережелеріне сәйкес іріктеледі.

САБАҚТАСТЫҚ, ЛАУАЗЫМҒА КІРІСПЕ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Компанияда 2021-2024 жылдарға арналған Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты және Сабақтастық жоспары әзірленіп, бекітілді.

ҚМГ-де Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қолданылады. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы маусымдағы шешімімен Бағдарлама Компанияның функционалды блоктарының басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды. Корпоративтік хатшы Бағдарламаның орындалуына, яғни Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің онда көзделген барлық іс-шаралардың іс жүзінде өтуіне мониторинг жүргізеді. Бағдарлама шеңберінде құжаттарды жаңарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. 2024 жыл ішінде Бағдарламаға

сәйкес лауазымға кіріспе рәсімінен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесі – ҚМГ Басқарма төрағасы А.Ф.Хасенов өтті.

ҚМГ-да 2013 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне тарту жөніндегі саясат қолданылады.

Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 5 маусымдағы шешімімен (№14/2024 хаттама, №7 сұрақ) Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы шешімімен бекітілген 2023-2024 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму бағдарламасына өзгерістер енгізілді (№24/2023 хаттама, №8 сұрақ). Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктілігін үздіксіз жетілдіріп отырады және өткен тренингтер туралы мәліметтерді ұсынып, бұл ақпарат компанияның веб-сайтында орналастырылады.

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР

Директорлар кеңесінің жұмысында тәуелсіз директорларға маңызды орын беріледі. Олар саны бойынша Директорлар кеңесінің комитеттерінде басым және сол комитеттердің төрағалары болады. Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық шарттарына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында директорлар кеңесінің құрамын жасақтау ережелеріне және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес келеді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор деп танылады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болатын мәселелерді (қаржы және қаржы емес есептілігін дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу, атқарушы

органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысады. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу ықтималдығын қадағалайды және осындай жағдайлар болғанда Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге тиіс екенін біледі. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді. 2024 жылы мұндай жағдайлар болған жоқ.

Үздік халықаралық тәжірибені ұстана отырып, компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сай болуына ұмтылады және директордың тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіргендей болып көрінетін жағдайлардың жоқтығын мәлімдейді.

